



**«Home Credit Bank» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген
19.03.2020 ж.
№ 7/2020 хаттама**

**«HOME CREDIT BANK» АҚ
КРЕДИТ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ**

Алматы қ.

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Кредит шартының жалпы талаптары

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

2-бап. Негізгі ережелер

3-бап. Кредитті ұсыну және өтеу

4-бап. Кредиттік лимит ұсыну

5-бап. Банк үшін шектеулер

6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2-тарау. Қорытынды ережелер

1-бап. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

2-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

3-бап. Дауларды реттеу

4-бап. Шарттың әрекеті, өзге ережелер

1-тарау. Кредит шартының жалпы талаптары

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1)-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №7 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (19.08.2022 ж. № 31/2022 хаттама)

1) **Банк** – «Home Credit Bank» акционерлік қоғамы (қысқартылған атауы - «Home Credit Bank» АҚ);

1-бап 1-1)тармақшамен осы шарттың №1 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында толықтырылды (17.09.2020 ж. № 31/2020 хаттама)

1-1) **аннуитеттік әдіс (тең төлемдер)** – кредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайып отыратын төлемдер және негізгі борыш қалдығы кезеңі үшін есептелген сыйақы бойынша азайып отыратын төлемдер кіретін, кредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Алғашқы және соңғы төлемнің мөлшерлері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

2) **банктік күн** – ҚР банктері операцияларды жүргізуге ашық күн;

3) **банктік қарыз** – ҚР уәкілетті органы лицензиясының негізінде Банктің төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық негізінде берген ақшалай кредит;

4) **веб-сайт** – Банктің келесі Интернет желісіндегі мекенжайлардағы веб-сайттары: www.homecredit.kz және/немесе <https://ibank24.kz>;

5) **сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (СЖТМ)** – ҚР заңнамасына сәйкес есептелген қызметтер бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі;

6) **операция жасалған күн** - жасалған операция Клиенттің шотында көрсетілетін күн;

7) **кредиттік лимиттің қол жетімді қалдығы** - Клиент пайдаланбаған кредиттік лимит бөлігінің мөлшері;

1-бап 7-1) тармақшамен осы шарттың №1 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында толықтырылды (17.09.2020 ж. № 31/2020 хаттама)

7-1) дифференциалды әдіс (тең емес төлемдер) – кредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомалары және негізгі борыш қалдығы кезеңі үшін есептелген сыйақы кіретін, азайып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

8) **Кредит шартының жалпы талаптары** – Банктің www.homecredit.kz веб-сайтында ашық түрде жарияланған кредит шартының осы жалпы талаптары;

9) **БҚШ** - Банкте жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсету шарты;

10) **ай сайынғы төлем** - міндетті төлем, минималды төлем;

11) **берешек** – кредит шарты бойынша Клиенттің орындалмаған ақшалай міндеттемелері;

12)-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №4 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)

12) **Клиентті сәйкестендіру** – Клиент ұсынатын мәліметтер немесе өзге де сенімді дереккөздер негізінде Клиенттің жеке басын анықтау/растау рәсімі;

13) **жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)** – ҚР-ның уәкілетті мемлекеттік органының жеке тұлғаға арнап тағайындайтын және уәкілетті мемлекеттік орган берген Клиенттің жеке басын куәландыратын құжатындағы немесе басқа құжатында көрсетілетін бірегей нөмірі;

14) **Клиент** – кредит шартын жасасқан жеке тұлға;

1-бап 15) тармақшасы осы шарттың №3 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.07.2021 ж. № 15/2021 хаттама)

15) **кредит (қарыз)** – Банк Клиентке кредит шартына сәйкес ұсынған қаражат сомасы. Кредит (кредиттік лимит) сомасы Банктің операцияларды жүргізу жөніндегі жалпы шарттары ережелерінде бекітілген шекті сомадан аспауы тиіс;

16) **кредит шарты (жеке талаптар)** – Банк пен Клиент арасында жасалынған және Клиентке кредит ұсынудың келесі жеке талаптарын қамтитын кредит/карточка бойынша кредит және/немесе кредиттік лимит ұсыну туралы шарт: шартты жасасу күні, мақсаты, сомасы мен валютасы, кредитті өтеу мерзімі, тәсілі, сыйақы мөлшерлемесінің түрі, сыйақы мөлшерлемесі, СЖТМ мөлшері, негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және мөлшері, комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі, сондай-ақ кредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты олардың өндіріп алуға тиіс мөлшері, тәртібі (касса арқылы, қашықтан терминал арқылы банктік шотқа және тараптар келіскен өзге тәсілдер), кредитті және сыйақыны өтеу мерзімділігі, кепіл, Клиент шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар, шарттың қолданылу мерзімі, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген өзге талаптар;

17) **кредиттік лимит** - Банк Клиентке ашқан кредиттік желінің мөлшері;

18) **кредит карточкасы** (карточка) - Клиентке өз ақшасы мен оған берілген кредиттік лимит шегінде төлемдерді жүзеге асыруға және қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін төлем карточкасы;

19) **байланыс орталығы** - телефон байланысын пайдалана отырып, Банк қызметтерін көрсетуге және Клиенттердің сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік беретін Клиенттерге көмек көрсету жүйесі;

20) **телефон нөмірі** – Банкпен ақпараттық және қаржылық өзара әрекеттесу, оның ішінде электрондық банктік қызметтерді алу үшін негізгі байланыс нөмірі ретінде Клиент Банкке ұсынған, ҚР-дағы ұялы байланыс операторының нөмірі болып табылатын және Банктің деректер базасында тіркелген және Клиент соңғы көрсеткен нөмір;

21) **жеңілдікті кезең** - Банк айқындайтын өтеу кезеңі аяқталған күнге дейін қолданылатын кредит шарты бойынша берешекті өтеудің жеңілдікті тәртібінің уақыт кезеңі;

1-бап 22) тармақшасы осы шарттың №3 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.07.2021 ж. № 15/2021 хаттама)

22) **минималды төлем** - Клиенттің кредит карточкасы немесе Банк кредиттік лимит орнатқан басқа карточка бойынша берешегі болған жағдайда, операция бойынша тиісті шарттар белгіленбеген операциялар бойынша кредиттік лимит мерзімі ішінде Банкке ай сайын енгізуге міндетті төлем. Минималды төлем мөлшері берешек сомасынан не кредиттік лимит сомасынан пайызбен не белгіленген мөлшерде көрсетіледі, не оны Банк өзге тәртіппен айқындайды және ол кредит шартында көрсетіледі. Кредиттік шартта өзге көзделмесе минималды төлем ай сайын қалыптастырылады және келесі сомаларды қамтиды: 1) өткен өтеу кезеңдерінде есептелген және алдыңғы минималды төлемдерге енгізілмеген Банктің шығындары; 2) есептік кезең де есептелген Банктің шығындары; 3) өткен өтеу кезеңдерінде есептелген және алдыңғы минималды төлемдерге енгізілмеген тұрақсыздық айыбы; 4) есептік кезең де есептелген тұрақсыздық айыбы; 5) өткен өтеу кезеңдерінде есептелген және алдыңғы минималды төлемдерге енгізілмеген комиссиялар; 6) есептік кезең де есептелген комиссиялар; 7) өткен өтеу кезеңдерінде есептелген және алдыңғы минималды төлемдерге енгізілмеген сыйақы; 8) есептік кезең де есептелген сыйақы; 9) негізгі борыш сомасының бөлігі. Жоғарыда көрсетілген сомалар төленуге тиіс минималды төлемнің нақты мөлшері шегінде белгіленген кезектілікке сәйкес кезекпен минималды төлемге кіреді. Ағымдағы минималды төлемге кірмеген сомалар, егер кредит шартында өзге көзделмесе, кейінгі минималды төлемдерге кіреді. Өтелмеген минималды төлем (төлемдер) кезекті минималды төлеммен бірге өтеледі;

23) **біржолғы код (SMS-код)** – 5 (бес) таңбадан тұратын және тек Клиентке белгілі болатын, Клиенттің сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдарының көмегімен құрылатын, Клиент электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізу үшін бір рет қана пайдалана алатын немесе Клиент транзакциялық-банктік қызметтерге қол5 (бес) таңбадан трет қана пайдалана алатын бірегей сандық комбинациясы. Клиент электрондық банктік қызметтеріне немесе транзакциялық-банктік қызметтерге қайта қол жеткізу үшін жаңа бір рет пайдаланылатын (біржолғы) кодты құрып, пайдалану қажет. Банк біржолғы кодты Клиенттің сұрауы бойынша Клиенттің нөміріне SMS-хабарлама ретінде жібереді;

24) **операция** – шоттарда көрсетілуі тиіс кез-келген операция (транзакция), оның ішінде карточканы пайдалана отырып, қарыз операцияларын (кредиттік лимит есебінен шығыс операцияларын) қоса алғандағы шығыс операциялары (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді төлеу, қолма-қол ақшаны алу, ақша аударымдары), шоттарға ақшаны қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз әдіспен аудару; қайтарылатын төлемдер; Клиенттің Банк алдындағы берешегін өтеу үшін Банк тарапынан ақшаны есептен алу; шоттардан есептелген төлемдер мен комиссияларды алу; Клиенттің шоттарында көрсетілуге тиіс басқа да операциялар. Интернет-банкингте операцияларды жүргізген кезде Банктің аппараттық құралдарыныңтен алу; шоттардан есептелген төлемдер мен комиссияларды алу; Клиенттің;

1-бап 25) тармақшасы осы шарттың №4 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)

25) **міндетті төлем** - Клиент ай сайын операция бойынша белгіленген шарттарға сәйкес берешек болған жағдайда операция бойынша шарттарда белгіленген уақыт кезеңі ішінде Банк тарапынан кредиттік лимит белгіленген кредит карточкасы немесе өзге де карточка бойынша берешекті өтеу үшін Банкке енгізуі тиіс төлем. Банк тарапынан кредиттік лимит белгіленген кредит карточкасы немесе өзге де карточка бойынша берешекті өтеу үшін міндетті төлемнің мөлшері берешек сомасының немесе кредиттік лимит сомасының пайызы түрінде немесе тіркелген мөлшерде көрсетіледі немесе Банкпен өзге тәртіпте анықталады. Міндетті төлем келесі сомаларды қамтиды: сыйақы; комиссиялар; негізгі қарыз. Тиісті мөлшерлеме бойынша сыйақы есептеу кезінде міндетті төлем аннуитеттік өтеу әдісімен есептеледі.

Банк тарапынан кредиттік лимит белгіленген кредит карточкасы немесе өзге де карточка бойынша берешекті өтеу үшін міндетті төлем сыйақы (бөліп төлеу) болмаған кезде негізгі қарыз сомасын операция бойынша тиісті шарттарда белгіленген мерзімге бөлу арқылы есептеледі.

Клиент өтеу кестесіне сәйкес Банкке ай сайын енгізуге міндетті кредит шартына (жеке шарттарға) өтеу кестесіне сәйкес берешекті өтеу үшін төлем.

Өтеу кестесіне сәйкес берешекті өтеу үшін міндетті төлемнің мөлшері Клиент таңдаған берешекті

өтеу әдісіне сәйкес есептеледі;

26) **есептік кезең** – Клиент карточка бойынша операциялар жүргізген өткен айдың есептік күнінен бастап ағымдағы айдың есептік күніне дейінгі (яғни ағымдағы айдың есептік күнін қоспағанда) кезең;

27) **серіктестер** – Банк тарапынан банктік қызметтерді ұсыну кезінде Банкпен өзара серіктестік туралы шартты жасасқан ұйымдар және жеке кәсіпкерлер;

28) **төлем жүйесі** – карточканы пайдалана отырып, төлемдердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдардың, құжаттама мен ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралардың жиынтығы;

29) **дербес деректер** – электрондық, қағаз және (немесе) басқа материалдық тасығышта тіркелген Клиенттің биометрикалық деректерін қоса алғандағы Клиентке тікелей қатысты мәліметтер;

30) **мерзімді комиссиялар** – Банк тарифтерінде және (немесе) банк өнімдерінің талаптарында белгіленген мөлшерде Банк мерзімді негізде алатын комиссиялар;

31) **өтеу кезеңі** – қалыптастырылған минималды төлем, сондай-ақ бұрын өтелмеген овердрафт және минималды төлемдер өтелетін кезең. Өтеу кезеңі есептік кезең аяқталған күннен кейін келесі күні басталады. Өтеу кезеңі, егер өтініште және/немесе кредит шартында өзге көзделмесе, күнтізбелік бір айды құрайды;

32) **Пос-терминал** – автоматтандырылған режимде карточканы пайдалана отырып, операцияларды сәйкестендіру үшін пайдаланылатын электрондық терминал;

33) **Банк ғимараты** – филиал ғимараты, филиалдың қосымшаал ғимараты, филиалдың карточканы пайдалана отырып, операцияларды сәйк ғимараттары;

34) **кредиттік лимиттің шекті сомасы** – кредит шартына сәйкес берілуі мүмкін кредиттік лимиттің шекті мөлшері;

35) **есеп айырысу күні** – Банк мерзімді комиссияларды, сыйақыларды және есептік кезең үшін өзге сомаларды, егер олар шарт талаптарында көзделген жағдайда, есептеуді жүзеге асыратын күн. Егер тиісті шартта өзге көзделмесе және кредит шарты айдың 5-14 күндері аралығында жасалынған болса, кредит карточкасы бойынша есеп айырысу күні әр айдың 5-күніне; егер кредит шарты айдың 15-24 күндері аралығында жасалынған болса, 15-күніне; егер кредит шарты айдың 25-4 күндері аралығында жасалынған болса, 25-күніне түседі; дебеттік карточка бойынша есеп айырысу күні әр айдың 1-күніне түседі;

36) **ҚР** – Қазақстан Республикасы;

1-бап 37) тармақшасы осы шарттың №2 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (16.11.2020 ж. № 37/2020 хаттама)

37) **тіркеу куәлігі** – электрондық цифрлық қолтаңбаның ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растау үшін куәландырушы орталық беретін электрондық құжат;

38) **Банктің қызмет көрсету желісі** – Банктің кассалары, терминалдары, банкоматтары, интернет-банкінг (мобильді банкінг);

39) **тараптар** – Банк пен Клиент бірлесе аталған кезде;

40) **шот** – банктік шот (ағымдағы, жинақ), соның ішінде шартта қарастырылған тәртіп пен талаптарға сәйкес банктік операцияларды жүзеге асыру мақсатында Банк Клиентке арнап ашқан, карточканы пайдалана отырып жасалынған операцияларды есепке алуға арналған ағымдағы шот;

41) **тарифтер** – Банктің уәкілетті органы бекіткен комиссиялардың және банктік қызметтері үшін сыйақылардың мұндай қызметтерді төлеу және/немесе операцияларды жүргізу күніне әрекет ететін мөлшерлемесі. Клиент Банктің тарифтерімен кез-келген уақытта Банктің барлық ғимараттарында және Банктің веб-сайтында таныса алады. Егер қандай да бір банктік қызметтер үшін тарифтер бекітілмесе, Банк мұндай банктік қызметтерді Клиентке тегін көрсетеді;

42) **тауар** – Клиент кредит және/немесе жеке қаражат есебінен сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер;

43) **сауда чегі** – карточканы пайдалана отырып төлем жүзеге асырылғанын растайтын құжат;

44) **банк өнімдерінің шарттары** – банктік қызметті көрсету күнінде әрекет ететін Банктің сайтында және/немесе Банк ғимараттарының ақпараттық стендтерінде жарияланған Банк ұсынатын банктік қызметті ұсыну тарифтері мен параметрлерін, жалпы талаптарын анықтайтын Банктің құжаты. Егер Клиентпен жасалынған жеке кредит шартында өзге көзделмесе, банк өнімдерінің тиісті стандартты шарттары қолданылады. Егер банк өнімдерінің шарттары Банктің жалпы талаптарынан ерекшеленсе, банк өнімдерінің тиесілі стандартты шарттарына сәйкес бекітілген тарифтер қолданылады;

1-бап 45) тармақшасы осы шарттың №2 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (16.11.2020 ж. № 37/2020 хаттама)

45) **куәландырушы орталық** – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын Банк немесе өзге заңды тұлға;

46) **операция бойынша талаптар** (тең төлемдер кестесі немесе қысқаша ТТК) – жеңілдікті кезеңді

белгілеуде, сыйақы мөлшерлемесін азайтуда, кредиттік лимит сомасын ұлғайтуда, кредит мерзімін және/немесе кредиттік лимитті ұлғайтуда, міндетті төлемдер мөлшерін белгілеуде/өзгертуде және шартта көзделген өзге де шарттарда көрініс табатын кредиттік лимит шеңберінде кредит беру шарттарын жақсартатын Банк белгілейтін талаптар. Операция бойынша талаптар Клиенттің жағдайын нашарлататын шарттарды қамти алмайды;

47) **кредиттік лимиттің белгіленген сомасы** - Банк кредит шарты талаптарында айқындайтын, кредит карточкасы немесе Банк кредиттік лимит белгілеген өзге карточка бойынша қолжетімді кредиттік лимит сомасы;

48) **электрондық құжат** – жіберуші әзірлеген және әзірлегеннен кейін өзгерістер енгізілмеген және/немесе бұрмалаушылығы жоқ электрондық құжат;

49) **электрондық байланыс құралдары** – ҚР мемлекеттік байланыс стандарттарына сәйкес мобильді телефондар, коммуникаторлар, смартфондар мен GSM, CDMA және өзге де ұялы байланыс стандарттары бойынша жұмыс істейтін өзге құралдар;

50) **электрондық терминал** – қолма-қол ақшаны беру (қабылдау), төлемдерді жүргізу және ақшаны аудару бойынша операцияларды, шетелдік валютамен айырбастау операцияларын және банктік операциялардың өзге де түрлерін жүргізуге және тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды әзірлеуге арналған электрондық-механикалық құрылғы;

51) **электрондық құжат** - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және ЭЦҚ арқылы куәландырылған құжат;

52) **электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)** - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының көмегімен құрылған және электрондық құжат құрамының дұрыстығын, тиістілігін және өзгермейтіндігін растайтын электрондық сандық символдардың жиынтығы;

53) **SMS-хабарлама (SMS)** - Банк Клиенттің телефон нөміріне ұялы байланысты пайдалана отырып жіберетін бекітілген нысандағы қысқаша мәтіндік хабарлама.

54) **IVR** - сәйкестендіру рәсімінен өткен жағдайда Клиенттің бастамасы бойынша ПИН-кодты белсендіру және генерациялау операцияларын жүргізетін Банктің интерактивтік дауыс қызметі.

2-бап. Негізгі ережелер

1. Осы кредит шартының жалпы талаптары және кредит шарты (жеке талаптар) бірлесе отырып, бірыңғай кредит шарты болып табылады, оған Клиент ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қағаз тасығыштағы немесе электрондық нысандағы кредит шартына (жеке талаптарға) қол қою арқылы жалпы қосылатын болады.

2. Егер кредит шартында (жеке талаптарда) өзге көзделмесе, кредит шарты Банк және Клиент кредит шартына (жеке талаптарға) қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Клиент кредит шартында көзделген Банк алдындағы барлық міндеттемелерді тиісінше орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Кредит шартының жалпы талаптары тараптардың кредит шартымен (жеке талаптармен) реттелмеген қарым-қатынастарын реттейді.

4. Тараптар кредит шартының шеңберінде жасалынған мәмілелер және өзге әрекеттер, дербес деректерді өзгертуді қоса алғанда келесі әдістердің бірімен жасалынса, егер ҚР заңнамасында тікелей өзге қарастырылмаса, жазбаша түрде жасалынған болып саналады:

1) Пос-терминалда, АТМ-да ПИН-кодты енгізу;

2) Банк телефон нөміріне жіберген кодты Клиенттің енгізуі;

3) электрондық және өзге хабарламалармен және құжаттармен алмасу, оның ішінде жеке кабинет, Банктің веб-сайты арқылы;

4) телефон нөмірі арқылы SMS-хабарламамен алмасу;

5) тараптардың қалауын білдіретін өзге әдістер.

Осы тармаққа сәйкес өзгертілген дербес деректерді Банк тараптар арасында жасалынған кез келген өзге шарттарда қолданады.

Клиент мәмілелерді жасасу кезінде Банк қолтаңбаның факсимильді көшірме құралдарын, электрондық сандық қолтаңбаны, егер ол ҚР заңнамасына қарама-қайшы болмаса, пайдалануға рұқсат етілетіндігімен келіседі.

5. Клиентке кредит шартының жалпы талаптарымен және тарифтерімен танысу мүмкіндігін ұсыну үшін Банк оларды веб-сайтқа жариялайды. Банк Клиентке ақпарат Банктен екендігін анықтауға және мұндай ақпаратты алуға мүмкіндік беретін өзге әдістермен қосымша хабарлай алады.

6. Банк ҚР заңнамасының талаптарын есепке ала отырып, Банк қызметкерлеріне ұсынылатын банктік қызметтердің ерекше шарттарын бекіте алады. Банк өнімдерінің ерекше шарттарына сәйкес банктік қызметтерді алуға ықылас білдірген қызметкер Банкке тиесілі өтінішпен жүгінуге міндетті.

7. Клиент Банкке кез келген ақпаратты (оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес банк құпиясын құрайтын) келесі тұлғаларға беруге келісімін береді:

- 1) үшінші тұлғаларға ҚР заңнамасында және (немесе) шетел мемлекеттерінің қолданбалы заңнамасында қарастырылған негіздер мен тәртіп бойынша;
- 2) банк қарыздары бойынша 1) тармақшада көрсетілген тұлғаларға, сонымен бірге Клиенттің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындау мақсатында Банктің қалауы бойынша үшінші тұлғаларға, коллекторлық агенттіктерге, Клиенттің жұмыс берушісіне;
- 3) Банктің Клиент алдындағы шарттық міндеттемелерін орындау, Клиенттің аударым мен төлемдер бойынша нұсқаулықтарын орындау мақсатында, Банктің мүдделері мен құқықтарын қорғау мақсатында, Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда үшінші тұлғаларға;
- 4) Банктен Клиентпен жасалынған шарт бойынша құқықтарды (талап етуді) сатып алған тұлғаға. Осы келісім шарттың әрекет ету мерзімі тоқтатылғаннан кейін де өз күшін сақтайды.

3-бап. Кредитті ұсыну және өтеу

1. Банк кредиттерді төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық негізінде ұсынады. Кредит шартының талаптарында қарыз нысанының белгілі бір мақсаттарға сәйкес пайдаланылуы (нысаналы қарыз) қарастырылуы мүмкін.

2. Банк кредиттерді тараптар қол қойған кредит шартының негізінде ұсынады. Бұл ретте Клиент ҚР заңнамасында және көрсетілген операцияларды жүргізуге қажет Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған қажетті құжаттарды ұсынуы тиіс. Банк және/немесе Клиент интернет-банкінгте (мобильді банкінгте) ЭЦҚ арқылы кредит алуға арналған өтінішке, кредит шартына, өтеу кестесіне, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарға қол қоя алады.

3. Егер кредит шартында (жеке талаптарда) өзге көзделмесе, кредит келесі жолдармен беріледі:

1) ақшаны Клиенттің Банкте ашылған банктік шотына есепке алу;

2) ақшаны басқа банкте немесе «Қазпошта» АҚ-да ашылған Клиенттің банктік шотына аудару;

3) кредит алуға өтінішіне және тауар сипаттамасына сәйкес Клиент сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің құнын төлеу. Клиент Банк пен жеткізуші (сауда ұйымы, сақтандырушы) анықтайтын талаптарда сатып алған тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді төлейді. Жеткізуші жасалған кредит шартының негізінде тауарды береді, жұмыстарды орындайды, қызметтерді ұсынады;

4) кредит шартында көзделген өзге әдіспен.

4. Карточка бойынша кредитті ұсыну кредит шартының талаптарына сәйкес кредиттік лимит шеңберінде немесе Банк кредиттік лимит орнатқан өзге карточка бойынша операцияларды жасау арқылы жүзеге асырылады.

5-тармақ осы шарттың №6 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (18.03.2022 ж. №8/2022 хаттама)

5. Кредит Клиент сатып алатын тауарлардың құнын төлеу үшін кредит алу өтінішіне және тауардың сипаттамасына сәйкес ұсынылған және Клиент осындай тауарды Жеткізушіге қайтарған не оны алмаған жағдайда, Клиент мұндай тауар құнының сомасын жеткізуші Банкке Клиенттің тиісті кредит шарты бойынша берешегін өтеу есебіне аудара алатындығымен келіседі. Бұл ретте тауар кредит шарты (жеке талаптар) жасалған сәттен бастап 14 (он төрт) күн ішінде қайтарылған немесе Клиент оны алудан бас тартқан және Жеткізуші өтеу кестесінде көзделген бірінші төлемді енгізу күніне дейін Банкке осындай тауар құнының сомасын аударған жағдайда, мұндай кредит шартының (жеке талаптардың) қолданылуы тоқтатылады. Жеткізуші тауар құнының сомасын Банкке өтеу кестесінде көзделген бірінші төлемді енгізу күніне дейін 5 (бес) күн бұрын аудармаған жағдайда, Клиент кредитті кредит шартына (жеке талаптарға) және шартқа өтеу кестесіне сәйкес төлейді.

6. Егер кредит ақшаны клиенттің басқа банкте немесе «Қазпошта» АҚ-да ашылған шотына аудару арқылы берілетін болса, Банктің кредит ұсыну жөніндегі міндеттемесі Банк шотынан ақша есептен шығарылған күннен бастап орындалған болып есептеледі.

7. Кредит карточкасы бойынша кредиттік лимит ұсыну туралы кредит шартының (жеке талаптардың) талаптарына сәйкес карточка бойынша кредитті ұсынған жағдайда, карточка бойынша кредит Банкте ашылған Клиенттің шотында карточка бойынша кредит есебінен қолма-қол ақшаны алу және төлемдерді жасауға байланысты операциялар бойынша сомалар көрсетілген күннен бастап ұсынылған болып есептеледі. Басқа жағдайларда кредит шартына қол қойған сәттен бастап кредит берілген болып есептеледі.

8. Кредит Клиенттің таңдауы бойынша кредит шартының (жеке талаптардың) ажырамас бөлігі болып табылатын кредитті өтеу кестесіне сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз аннуитеттік (бұл ретте банктік қарыз бойынша берешек банктік қарыздың бүкіл мерзімі бойы тең төлемдермен өтеледі және сол төлемдердің құрамы негізгі борыш бойынша мерзім өткен сайын ұлғаятын төлемдерден және кезең ішіндегі негізгі борыштың қалдығына есептелген сыйақы бойынша азаятын төлемдерден тұрады; бұл ретте бірінші және соңғы төлемдер басқалардан ерекшеленуі мүмкін) немесе сараланған төлемдер әдісімен (бұл ретте банктік қарыз бойынша берешек мерзім өткен сайын азаятын төлемдермен өтеледі және сол төлемдердің құрамы негізгі борыш бойынша және кезең

ішіндегі негізгі борыштың қалдығына ойы тең төлемдермен өтеледі және өлемдерден тұрады) немесе тараптардың келісімі бойынша өзге әдістермен өтеледі.

9. Кредит сомасына сыйақыны есептеу кредитті нақты пайдалану күнінің санына байланысты жүзеге асырылады.

Өтеудің бірінші кезеңінде операция бойынша Банк бекіткен шарттар бойынша сыйақыны және комиссияларды есептеу операцияны жасау күнінен бастап өтеудің соңғы күніне дейінгі кезеңде, өтеудің екінші және одан кейінгі кезеңдерінде өтеудің тиісті кезеңі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап өтеудің кезекті кезеңінің соңғы күніне дейінгі кезең ішінде жүргізіледі. Бұл ретте міндетті төлемді операция бойынша Банк бекіткен шарттарға сәйкес өтеу кезеңінің соңғы күніне дейін енгізу кредитті пайдаланғаны үшін комиссияларды және мұндай операция бойынша комиссияларды қайта есептеуге алып келмейді.

Минималды төлемдермен өтелетін кредит карточкасы бойынша кредит желісі шеңберінде ұсынылған кредит бойынша сыйақыны және комиссияларды есептеу есеп айырысу күні жүзеге асырылады.

10. Кредит шарты бойынша төлем сомасы, егер ол Клиенттің кредит шарты бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, берешекті келесі кезектілікпен өтейді: 1) негізгі қарыз бойынша берешек; 2) сыйақы бойынша берешек; 3) тұрақсыздық төлемі; 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі қарыз сомасы; 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы; 6) қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер; 7) кредит шарты бойынша орындауды алу бойынша Банктің шығындары (оның ішінде сот және өзге де шығындар); 8) өзге берешек.

Бірізді күнтізбелік 90 күн өткеннен кейін берешекті өтеу келесі кезектілікке сәйкес жүргізіледі: 1) негізгі қарыз бойынша берешек; 2) сыйақы бойынша берешек; 3) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі қарыз сомасы; 4) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелінген сыйақы; 5) тұрақсыздық төлемі; 6) кредитті беру мен оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге төлемдер; 7) кредит шарты бойынша орындауды алу бойынша Банктің шығындары (оның ішінде сот және өзге шығындар); 8) өзге берешек.

Карточка бойынша қарыздың негізгі сомасын өтеу кредит карточкасының шоты бойынша операцияларды көрсету тәртібімен жүргізіледі.

11. Банк кредитті, егер өтеу кестесінде және/немесе кредит шартында және/немесе тараптар қол қоятын өзге құжаттарда қарастырылса, өтеу кестесімен жеңілдікті өтеудің ерекше шарттарын орната алады:

1) кредит карточкасын пайдаланбастан ұсынылған кредит бойынша бірінші төлем өтеу кестесінде қарастырылған тәртіпте шартты жасасқан күннен бастап екі ай өткеннен кейін жүргізілуі мүмкін. Бұл ретте кредитті аннуитеттік өтеу әдісіне сәйкес кредитті пайдаланған бірінші ай үшін есептелген сыйақы өтеу кестесінде қарастырылған өтеу күндерінде тең төлемдермен өтеледі және кредитті пайдаланған тиісті мерзім үшін есептелетін сыйақының жалпы сомасы артады; ал кредитті өтеудің сараланған әдісі кезінде бірінші ай үшін сыйақы өтеу кестесіне сәйкес бірінші төлемді төлеген күні өтеледі;

2) ай сайынғы төлемдерді өтеу мерзімін бұзбаған жағдайда, Клиент тиісті өтініште көрсетілген соңғы ай сайынғы төлемдерді енгізуден босатылуы мүмкін;

3) тармақша осы шартқа №4 Өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес алынып тасталды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)

4) Банк кредит алуға өтінішінде көрсетілген мерзімде жалпы кредит сомасы мөлшерінде ақша сомасы Банкке төленсе, кредит шарты бойынша Клиенттің міндеттемелері тоқтатылады;

5) өтініште және/немесе кредит шартында қарастырылған өзге талаптар.

Кредит карточкасы бойынша кредитті жеңілдікті өтеу шарттары:

1) минималды төлемдер арқылы өтелетін берешекті тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қолма-қол ақшасыз төлеу үшін пайдаланылған кредит ұсынылған есептік кезең ішінде немесе өтеу кезеңінен кейінгі келесі кезеңде (яғни жеңілдікті кезең аяқталғанға дейін) толық өтеген жағдайда, сыйақы мұндай есептік кезеңде ұсынылған және минималды төлемдер арқылы өтелетін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) қолма-қол ақшасыз төлеу үшін пайдаланылған кредит сомасына сыйақы есептелінбейді. Берешекті жеңілдікті кезең ішінде өтемеген немесе толық өтемеген жағдайда, Банк сыйақыны кредит шартына сәйкес есептейді;

2) Банк операция бойынша шарттарды орнатқан операция сомасын операцияны орындау сәтінен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде өтеген жағдайда, мұндай операция сомасына сыйақы мен комиссия есептелінбейді;

3) кредит шартында көзделген өзге талаптар.

Банк Клиентте ай сайынғы төлемдерді уақытында енгізбеу фактілері болса немесе Банк алдында өзге орындалмаған міндеттемелері болса, сонымен бірге кредитті жеңілдікті өтеудің барлық

шарттарын орындағанға дейін кредит бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, кредитті жеңілдікті өтеудің ерекше талаптарын жоюға құқылы.

12. Егер кредит шартында өзге көзделмесе, кредит карточкасы бойынша берешекті өтеудің келесі ерекшеліктері орнатылады:

1) егер минималды төлем мөлшері берешек сомасынан асып кетсе, нақты берешек сомасы төленеді. Минималды ай сайынғы төлем сомасынан артық төленген ақша сомасы кредит карточкасы бойынша кредитті мерзімінен бұрын өтеуге жұмсалады. Клиент шығарылатын кредит карточкасы бойынша ашылған өз шотына ақшаны есеп айырысу күніне дейін енгізуі кредит карточкасы бойынша кредитті өтеу болып табылады және шартта қарастырылған берешекті өтеу тәртібіне әсер етпейді;

2) кредит карточкасы бойынша шотта операция бойынша тиісті шарттар бойынша берешекті толық өтеуге жеткілікті сома болған жағдайда және кредит бойынша өзге берешек болмаған жағдайда, Банк операция бойынша тиісті шарттар бойынша берешекті шартта көрсетілген алдындағы кезекті есеп айырысу күні толық өтеуге (бұдан әрі – автоматты түрде өтеу) құқылы. Операция бойынша бірнеше шарттар бойынша берешек болған жағдайда, автоматты түрде өтеу күні бұрын белгіленген операция бойынша шарттарға қолданылады;

3) кредит бойынша берешек болмаған жағдайда, Клиент төлеген ақша сомасы кредит карточкасы бойынша шотта Клиенттің жеке қаражаты ретінде көрсетіледі және Клиент мұндай қаражатты пайдалана алады. Банк Клиенттің жеке құралдарын өтеудің келесі кезеңдерінде пайда болған берешекті өтеу есебіне, сонымен бірге міндетті төлемдерді өтеуге байланысты дебеттеуге құқылы;

4) өтеудің кезекті кезеңі ішінде осы тармақшамен қарастырылған кезекті міндетті төлем мөлшерінде төленген ақша сомаларын Банк кредит карточкасы бойынша шоттан қаражат Банкке түскен күні дебеттейді, бұл ретте тиісті операция бойынша негізгі қарыз сомасынан тұратын міндетті төлем бөлігі Банкке қаражат түскен күні операция бойынша негізгі қарыздың тиісті бөлігін, ал есептелген сыйақы және тиісті операция бойынша комиссиялар сомасынан тұратын міндетті төлемнің бөлігі өтеудің тиісті кезеңінің соңғы күнінде өтеуге жіберіледі. Өтеудің кезекті кезеңі келгенге дейін және/немесе осы тармақшада қарастырылған кезекті міндетті төлемнен артық төленген қаражат сомалары кредит карточкасы бойынша кредитті (болған жағдайда) мерзімінен бұрын өтеуге жіберіледі.

13. Банк ай сайынғы төлемді өтеу әдістерін өзгертуге құқылы, бұл ретте Банк Клиентке жазбаша түрде мұндай өзгерістер туралы хабарлауы тиіс. Егер кредит шартында (жеке талаптарда) өзге көзделмесе, Банк ай сайынғы төлемді алған, ал Клиент тиісті кредит шарты бойынша берешекті өтеуді көрсету үшін Банкке тиісті деректемелерді (Клиенттің Т.А.Ә, ЖСН және кредит шартының (жеке талаптардың) нөмірі) ұсынған жағдайда, Клиенттің міндеттемесі Банктің шотына төлемді есептеу немесе қолма-қол ақшаны банктің кассасына және (немесе) терминалына енгізген күні орындалған болып есептеледі. Клиент тиісті емес деректемелерді ұсынған жағдайда, тиісті кредит шарты бойынша берешекті өтеуді Банк тиісті деректемелерді анықтауына қарай жүзеге асырады.

14. Кредитті мерзімінен бұрын қайтарған және кредит шартын бұзған жағдайда, Клиент Банкке өзі алған кредиттің толық сомасын қайтаруға міндетті.

Кредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеу бір жыл мерзімге дейін берілген кредит бойынша кредитті алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, ал бір жылдан астам мерзімге берілген кредит бойынша кредитті алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін Клиенттің өтініші бойынша Банктің келісімі бойынша немесе Клиенттің мобильді банкинг арқылы берген өтініші бойынша немесе осы шартта қарастырылған өзге тәсілмен тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен жүзеге асырылады.

15. Жаңа кредиттерді алу және (немесе) ағымдағы кредиттер бойынша қайта қаржыландыруды жүзеге асыру мақсатында Клиент Банкке өзі туралы мәліметтерді кредит бюроларына беруге және Банкке кредит бюролары тарапынан кредит есебін, сонымен бірге ҚР-ның кредит бюролары мен кредит тарихтарын қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес шарт бойынша тараптар өз міндеттемелерін орындауымен байланысты ақпаратты беруіне өз келісімін береді. Көрсетілген келісім кредит шартының жарамдылық мерзімі ішінде әрекет етеді.

16. Кредит шартына (жеке талаптарға) сәйкес Банк есептейтін комиссияларды, тұрақсыздық төлемін және өзге төлемдерді Клиент кредит шартында немесе Банктің талабында өзге көзделмесе, кредит шартының әрекет ету мерзімі ішінде төлеуі тиіс.

17. Берешектің сомасы толық өтелгеннен кейін кредит шартының әрекеті тоқтатылады, ал Клиенттің Банк алдындағы міндеттемесі толық көлемде орындалған болып саналады.

18. Банк кредит шарты бойынша құқығын (талап етуді) үшінші тұлғаға берген жағдайда, ҚР заңнамасымен кредит шарты шеңберінде кредитор мен қарыз алушының өзара қарым-қатынасына қатысты талап пен шектеу Клиенттің құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынасқа таралады.

19-тармақ осы шарттың №1 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (17.09.2020 ж. № 31/2020 хаттама)

19. Клиентте күнтізбелік 5 (бес) күннен астам мерзімге ай сайынғы төлемдерді уақтылы енгізбеу фактілері және Банк алдында өзге де орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, егер мұндай талап кредит шартында (жеке талаптарда) көзделген болса, Банк Клиентке оның өтеу кестесінде көзделген ай сайынғы төлемдерді енгізуді кейінге қалдыру туралы өтініші бойынша кредиттік демалыстарды (бұдан әрі – өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстар) ұсына алады. Өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстар келесі шарттар сақталынған жағдайда ұсынылады:

1) Клиентте ай сайынғы төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес уақытында енгізбеу туралы негіздемелер (қаржылық қиыншылықтар немесе өзге себептер) туындаса, Клиент Банкке жеке өзі жүгінуі тиіс;

2) Клиент өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстармен тиісті кредит шартын жасасқан күннен бастап кемінде 3 (үш) айдан кейін және өтеу кестесіне сәйкес төлемнің соңғы күніне дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей пайдалануға құқылы;

3) Бір жылға дейін (қоса алғанда) берілген өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстар кредит шартының қолданылу мерзімі ішінде бір рет қана беріледі; бір жылдан астам мерзімге берілген өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстар кредит шартының қолданылу мерзімі ішінде 2 (екі) реттен артық берілмейді;

4) Бір жылдан астам мерзімге берілген өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша кредиттік демалыстарды қайта ұсыну өтеу кестесі қарастырылған кредит бойынша бастапқы алынған кредиттік демалыстар күнінен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін ғана мүмкін;

5) *тармақша осы шарттың №4 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)*

5) несиелік демалыс беру кезінде өтеу кестесінде көзделген алдағы төлемдер бір күнтізбелік айға кейінге қалдырылады.

Өтеу кестесі көзделген кредит бойынша кредит демалыстарын ұсыну кредит шартына қосымша келісіммен ресімделеді.

3-бап 19-1. және 19-2. тармақтармен толықтырылып, осы шарттың №3 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.07.2021 ж. № 15/2021 хаттама)

19-1. Егер бұл кредит шартында (жеке талаптарда) көзделген болса, Клиент ай сайынғы төлемдерді енгізу мерзімін күнтізбелік 5 (бес) күннен астам мерзімге бұзбаған жағдайда және оның Банк алдында өзге де орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда Клиентке оның өтініші бойынша кредит шартында (жеке талаптарда) көзделген кредиттік лимит белгіленген кредит карточкасы немесе өзге де карточка бойынша берешекті өтеу үшін ай сайынғы төлемдерді енгізу мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігі (бұдан әрі - кредит карточкасы бойынша кредит демалысы) берілсін.

19-2. Кредит карточкасы бойынша кредит демалысы келесі талаптарда/жағдайларда беріледі:

1) Клиентте ай сайынғы төлемдерді уақтылы енгізе алмайтыны туралы (қаржылық қиындықтар немесе өзге де себептер) негіздер туындаған жағдайда, Банкке жеке өзі жүгінуі тиіс;

2) Клиент кредит карточкасы бойынша кредит демалысын кредит шарты жасалған күннен бастап 3 (үш) айдан кейін және өтеу кезеңі аяқталу күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей пайдалануға құқылы;

3) кредит карточкасы бойынша кредит демалысын кредит шартының қолданылу мерзімінің әрбір 12 (он екі) айы ішінде 1 (бір) рет пайдалануға болады;

4) кредит карточкасы бойынша кредит демалысын қайта беруге жоғарыдағы 3) тармақшасында көзделген шектеулерді ескере отырып, кредит карточкасы бойынша бастапқы алынған кредит демалысы күнінен бастап 6 (алты) ай өткен соң жол беріледі;

5) *тармақша осы шарттың №4 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)*

5) несиелік карта бойынша несиелік демалыс күнтізбелік бір айдан кем емес және несиелік демалыс берілген күннен бастап екі күнтізбелік айдан аспайтын есеп айырысу күніне дейін (қоса есептемегенде) дейін беріледі;

6) кредит карточкасы бойынша кредит демалысы операция бойынша барлық қолданыстағы шарттарды қоса алғанда, ай сайынғы төлемдерге қолданылады;

7) кредит демалысы кезеңінде кредит карточкасы бойынша сыйақы есептелмейді;

8) кредит карточкасы бойынша кредит демалысы кезеңінде кредит карточкасы бұғатталады;

9) кредит демалысы берілген кезде операция (ТТК) бойынша талаптар қалыптастырылмаған операцияларға жеңілдікті кезең өзгертілмейді (ұзартылмайды). Көрсетілген операцияларға сыйақы кредит демалысы аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептеледі;

10) Клиент берілген кредит демалысынан бас тартуға құқылы емес.

20. Клиент берешекті электрондық ақшаны пайдалана отырып кредит шарты бойынша өтеген жағдайда, Банк электрондық ақшаның эмитенті болса, Банк электрондық ақшаны алған сәтте немесе электрондық ақшаның эмитенті басқа Банк болса, Банктің банктік шотына ақша есептелген сәттен бастап электрондық ақшаның тиісті жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес берешек өтелді деп есептеледі.

4-бап. Кредиттік лимит ұсыну

1 тармақ осы шарттың №2 Өзгерістері мен толықтырулар редакциясында соңғы сөйлемдермен толықтырылды (16.11.2020 ж. № 37/2020 хаттама)

1. Кредиттік лимит Клиентке кредиттік скоринг қорытындылары негізінде шот бойынша кредиттік лимит белгілеу арқылы ұсынылады.

Банктің кредит карточкасын қолданатын Клиенттер үшін Банктің веб-сайты арқылы тауарларды сатып алу кезінде кредиттік лимитті пайдалану ерекшеліктері Шартқа 1-қосымшада айқындалады.

Кредиттік лимит шеңберінде Банктің байланыс орталығы, сондай-ақ Банктің мобильді қосымшасы арқылы кредит алу ерекшеліктері Шартқа 2-қосымшада айқындалады.

2. Кредиттік лимит тараптар қол қойған кредит шарты (жеке талаптар) негізінде белгіленеді. Кредиттік лимит шеңберінде карточка бойынша кредиттерді ұсыну шарттары кредит шартымен реттеледі.

3. Егер кредит шартында (жеке талаптарда) өзге көзделмесе, кредитті ұсыну кредит карточкасы бойынша кредиттік лимиттің бекітілген сомасы шеңберінде жаңартпалы негізде жүзеге асырылады, бұл ретте кредиттік лимиттің қол жетімді мөлшері карточка бойынша өтелген негізгі берешек сомасына сәйкес қалпына келтіріледі.

4. Банк өз қалауы бойынша кредиттік лимиттің шекті сомасы шеңберінде кредиттік лимиттің бекітілген сомасын және операция бойынша шарттарды біржақты тәртіпте орнатуға немесе өзгертуге құқылы. Бұл ретте Клиент Банкпен жасалынған кредит шартының немесе өзге шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін тиісті орындауы тиіс. Егер кредит шартында немесе операция бойынша шарттарда өзге көзделмесе, кредиттік лимитті орнатуды/өзгертуді, операция бойынша шарттарды орнатуды/өзгертуді Банк мұндай операцияны жасау күнінде, оның ішінде Банк бекіткен критерийлер жасалынған операцияға сәйкес болған жағдайда жүзеге асырылады. Белгіленген критерийлер туралы ақпарат Банктің веб-сайтында жарияланады.

5. Клиенттің сұрауы бойынша Банк кредиттік лимитті орнатуға/өзгертуге және/немесе операция бойынша шарттарды орнатуға/өзгертуге құқылы. Клиент сұрауды Банкпен келісе отырып, жазбаша өтініш, жеке кабинет, интернет-банкинг, телефон арқылы бере алады. Банк кредиттік лимитті орнатады/өзгертеді және/немесе операция бойынша шарттарды орнатады/өзгертеді және Клиентке Банктің қалауы бойынша жазбаша түрде мекенжайына немесе SMS-хабарлама арқылы Клиент ұсынған мекенжайға/телефон нөміріне жібереді және/немесе жеке кабинетте және/немесе Банктің веб-сайтына жариялайды және/немесе Клиентке Банктің ғимаратында ұсынады. Клиент кредиттік лимитті орнату/өзгерту және/немесе операция бойынша шарттарды орнату/өзгерту туралы хабарламаны:

- 1) телефон нөміріне тиісті SMS-хабарлама келген;
- 2) Клиент ұсынған мекенжай бойынша операция бойынша шарттарды және/немесе хабарламаны алған;
- 3) жеке кабинетте операция бойынша шарттарды және/немесе хабарламаны жариялаған;
- 4) телефон арқылы Банкпен хабарлама алған;
- 5) осы баптың 4-тармағында қарастырылған Банктің тиісті критерийлеріне сәйкес операцияларды жасаған;
- 6) Банк ғимаратында жазбаша нысанда операция бойынша шарттарды және/немесе хабарламаны алған;
- 7) Банк серіктесінен тауарды (қызметті) алған сәттен бастап жоғарыда көрсетілген шарттардың қайсысы бұрын орын алатынына байланысты алған деп саналады.

6. Клиент Банк орнатқан кредиттік лимит сомасымен және/немесе операция бойынша шарттармен келіспеген жағдайда, Клиент Банк орнатқан кредиттік лимиттен оны пайдаланған сәтке дейін және/немесе Банк белгілеген тәртіпте операция бойынша шарттармен және/немесе шарттан бас тартуға құқылы. Клиент Банк операция бойынша орнатқан/өзгерткен шарттардан бас тартқан жағдайда, Клиент мұндай операция бойынша берешекті Банк операция бойынша шарттарды орнату туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн өткеннен кейін толық немесе кредит шартында (жеке талаптарда) анықталған шарттарға сәйкес минималды төлемдермен берешекті өтеуге құқылы. Клиент орнатылған/өзгертілген кредиттік лимиттен бас тартқан жағдайда, Банк бұрын орнатылған кредиттік лимитті қалпына келтіреді.

7. Егер Клиент кредит карточкасын шығарған күннен бастап 1 (бір) айдан артық пайдаланбаса, белгіленген кредиттік лимит автоматты түрде жойылады. Банк өз бастамасымен берілген лимиттің

күшін жоймауға құқылы.

5-бап. Банк үшін шектеулер

Банк:

1) Клиентпен шарт жасалған күні белгіленген, кредит бойынша қызмет көрсету бойынша комиссиялардың және басқа төлемдердің мөлшерлері мен есептеу тәртібін ұлғаю жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

2) біржақты тәртіпте жасалынған шарт шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін енгізуге;

3) егер кредитті ұсыну шарттарында сақтандыру шарттарын жасасу және (немесе) қамсыздандыру болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалауды жүргізу талабы қойылған жағдайда, Клиентті, кепілдік берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауын шектеуге, сонымен бірге Клиентке өз өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

4) біржақты тәртіпте келесі жағдайларды қоспағанда жасалынған шарт шеңберінде жаңа қарыздарды беруді тоқтатуға:

Банктің жаңа қарыздарды беруді жүзеге асырмау құқығы туындайтын шартта көзделген келесі жағдайларда;

Клиент Банк алдындағы шарт бойынша міндеттемелерін бұзған;

қаржы есептілігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін Банктің ішкі кредит саясатына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг қорытындысы бойынша Клиенттің қаржылық жағдайы нашарлаған;

Банктің шартты тиісті деңгейде орындауына әсер ететін ҚР заңнамасы талаптары өзгерген жағдайда;

5) 1 (бір) жылдан артық мерзімге берілген кредитті алған күннен бастап 1 (бір) жылға дейін, 1 (бір) жылға дейін берілген кредитті алған күннен бастап 6 (алты) айға дейін негізгі борыш ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтелген жағдайларды есептемегенде, қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға;

6) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен және сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу одан кейінгі банктік күні жүргізілген жағдайда, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға;

7) негізгі қарыз және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау бойынша бірізді күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), сондай-ақ кредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеуге және талап етуге құқылы емес.

6-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Банк:

1) жасалған кредит шартына сәйкес Клиентке кредит шартының талаптарына сәйкес белгіленген кредиттік лимит шегінде кредит/карточка бойынша кредит ұсынуға;

2-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №3 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.07.2021 ж. № 15/2021 хаттама)

2) кредит шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген кредит берілген күннен бастап есептелген сыйақыны, сондай-ақ Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің талаптарына сәйкес қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссияны ұстай отырып, егер мұндай комиссия кредит шарты жасалған кезде төленбеген болса және кредит сомасына кірмесе, қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемін немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріместен қабылдауға;

3) Клиенттің өтініші бойынша ақысыз негізде айына бір рет үш банктік күн ішінде жазбаша нысанда кредит шарты бойынша берешекті өтеу есебіне түскен ақшаны (негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сонымен бірге мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс сомаға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша нысанда ұсынуға;

4) Клиенттің кредит шарты бойынша ұсынылған кредитті Банкке ішінара немесе мерзімінен бұрын толық қайтару туралы өтініші бойынша ақысыз үш банктік күн ішінде жазбаша нысанда Клиентке негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сонымен бірге мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс сомаға бөлінген қайтарылуы тиіс соманың мөлшерін хабарлауға;

5) шарт бойынша Банктің құқығын (талап ету) үшінші тұлғаға беру талаптарынан тұратын шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын беру туралы шарт) жасасқан жағдайда, Клиентке (немесе оның уәкілетті өкіліне) келесі ақпаратты хабарлауға:

талап ету құқығын беру туралы шартын жасасқанға дейін үшінші тұлғаға құқықтарды (талаптарды) беру мүмкіндігі туралы, сонымен бірге Клиенттің дербес деректерін ҚР заңнамасына қарама-қайшы келмейтін немесе шартта көрсетілген әдіспен өңдеу туралы;

үшінші тұлғаға ҚР заңнамасына қарама-қайшы келмейтін немесе шартта көрсетілген кез келген әдіспен құқықты (талап етуді) беру туралы шартты жасасқан күннен бастап үшінші тұлғаға банктік қарызды өтеу бойынша алдағы төлем мақсатын (шарт бойынша құқық (талап ету) берілген тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сонымен бірге негізгі қарыздың мерзімі өткен және ағымдағы сомасының қалдығын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуі тиіс өзге сомаларды көрсете отырып өтеу туралы;

6-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №4 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (30.09.2021 ж. № 19/2021 хаттама)

б) Кредит шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктіру басталған кезде Банк Клиентті кредит шартында көзделген тәсілмен мерзімі өткен берешек мөлшерін көрсете отырып, кредит шарты бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі және Клиенттің өз міндеттемелерін орындамау салдарлары туралы, сондай-ақ Клиенттің Банкке жүгіну құқығы туралы осы шартта көзделген мерзімде, бірақ міндеттемені орындау мерзімін кешіктіру басталған күннен бастап күнтізбелік 20 күннен кешіктірмей хабардар етуге. Хабарлама, егер ол қарыз алушыға Кредит шартының жалпы талаптарында көзделген тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілген болып саналады. Хабарлама оны адресатқа, алушыға тапсыруға мүмкін болмағаны туралы белгі қоя отырып не оны қабылдаудан бас тартуға, не оның Кредит шартының жалпы талаптарында көзделген тәсілдерді пайдаланған кезде оның қабылданғанын растамауға байланысты қайтарылған кезде, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып саналады.;

7) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңының 36-бабында көрсетілген Клиенттің жазбаша өтінішін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде шарттың талаптарына қатысты ұсынылған өзгерістерді қарастырып, келесі туралы хабарлауға міндетті:

кредит шарты талаптарына енгізуге ұсынылған өзгерістермен келісу;

кредит шарты талаптарына қатысты өз ұсыныстары;

мұндай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемелері көрсетілген кредит шарты талаптарына енгізуге ұсынылған өзгерістерді мақұлдамау.

2. Банк:

1) кредит шартының жалпы талаптарының 2-тарауы 1-бабында көзделген тәртіппен және талаптарда Клиент үшін кредит шартының талаптарын жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Банкте Клиент кредит шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамайды деген негіздемелер туындаған жағдайда (оның ішінде Клиенттің мүлкіне тыйым салынуына, қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылуына, сонымен бірге Клиент кредиттің кезекті бөлігінің және (немесе) сыйақының төлемін қайтару үшін бекітілген мерзімнен күнтізбелік қырық күннен астам уақытқа кешіктіруіне байланысты және Клиент кредит шартының талаптарын бұзған өзге жағдайларда), Банк Клиентке тиісті талапты жазбаша нысанда жіберген сәттен бастап Клиенттен күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн ішінде кредит шарты бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық өтеуді талап етуге, сонымен бірге Клиенттің қосымша келісімінсіз акцептісіз негізде Клиенттің кез-келген банктік шотынан кредит бойынша қызмет көрсетумен байланысты Банктің өзге шығындары мен кредит бойынша берешек сомасын толығымен немесе жартылай өндіріп алуға (шығарып алуға);

3) кредиттік лимитті ұсынудан және/немесе кредит шартын жасасудан бас тартуға;

4) кредиттік лимитті жоюға және кредитті/карточка бойынша кредитті мерзімінен бұрын өтеуді және кредитті/карточка бойынша кредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны төлеуді талап етуге;

Клиент тарапынан дұрыс емес және (немесе) оның қаржылық жағдайын нашарлататын ақпаратты анықтаған жағдайда;

Банктің қалауы бойынша өзге жағдайларда.

5) Клиентте Банк алдында кредит шарты бойынша бірізді күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам берешек пайда болған жағдайда, кредит шарты бойынша талап ету құқықтарын толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық агенттікке беруге, бұл ретте мұндай үшінші тұлғаға мұндай беруді орындауға қажетті Клиент туралы ақпаратты, оның ішінде дербес деректері, оның берешегі туралы ақпаратты тиісті құжаттармен бірге беруге;

б) Берешекті сотқа дейінгі өндіруге және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге, сонымен бірге коллекторлық агенттікті банктің мүддесін сотта және атқарушы іс жүргізуде білдіру үшін тартуға, шарт бойынша құқықтарды (талап етуді) ҚР заңнамасында бекітілген тәртіпте үшінші тұлғаларға беруге;

7-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №6 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (18.03.2022 ж. №8/2022 хаттама)

7) Банктің қалауы бойынша:

кредит шарты бойынша берешекті толық өтегеннен кейін кредит шарты бойынша артық төлем сомасын Клиенттің Банк алдындағы мерзімі өткен кез келген берешегін өтеуге жіберуге;

артық төлем сомасын Клиенттің Банкте ашылған шотына аударуға;

егер Клиент осындай артық төлемді кредит шарты бойынша берешекті толық өтеген кезден бастап бір жыл ішінде талап етпесе, оны өз меншігіне айналдыруға;

8) Кредит шарты бойынша қызмет көрсетумен байланысты ескертулерді (телефон арқылы қоңырау шалу, SMS-хабарламаларды жіберу) жүзеге асыруға;

9) Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдеріне/қаулыларына, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес ақшаны акцептсіз тәртіпте есептен шығаруға құқылы үшінші тұлғалардың нұсқаулары түскен жағдайда белгіленген кредиттік лимит шеңберінде кредит беруден бас тартуға;

10) Клиент ҚР заңнамасына және кредит шартына сәйкес кез келген шарттар бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, операция бойынша кез келген талаптарды белгілеуге/өзгертуге;

11) егер Клиент берілген кредиттік лимитті Банк ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде пайдаланбаған жағдайда, берілген кредиттік лимитті Банк Клиентті кредит шартының талаптарына сәйкес бұл туралы хабардар еткен сәттен бастап жоюға;

12) Клиентті кредит шартында көзделген кредиттік лимиттің ішінара немесе толық сомасын алуда (электрондық терминалдар, интернет-банкинг, АТМ, банк кассасы және т. б. арқылы) шектеуге;

13) Клиентке ауызша немесе жазбаша нысанда жасалған шарттар жөнінде, сонымен қатар Банк қызметі, банк өнімдері мен қызметтерінің талаптары туралы кез келген материалдарды (оның ішінде хабарламаларды) Банктің сұратуы бойынша Клиент Шартты жасасқан кезде көрсеткен тегін, аты, әкесінің атын, ЖСН, кодтық сөзді немесе өзге ақпаратты хабарлаған жағдайда, Банктің немесе Клиенттің бастамасымен ашық байланыс арналары арқылы, сонымен қатар пошта (электронды), курьер, қолма-қол, ұялы (SMS) және факсимильді байланыс арқылы табыстауға; Клиент үшінші тұлғалардың шартқа сәйкес ашық байланыс арналары арқылы Банк жолдаған ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз алу тәуекелін мойындайтынын растайды және осындай тәуекелді өзіне алады;

14) Клиентке алдын-ала хабарлама жіберместен, біржақты тәртіпте шартты ішінара немесе толық орындаудан келесі жағдайларда бас тартуға:

Клиент кредит шартының талаптарын бұзған жағдайда;

кредит шартының талаптарын орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған немесе Клиенттің Банк алдында басқа орындалмаған міндеттемелері болған жағдайда;

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында немесе ҚР ратификациялаған халықаралық келісімде қарастырылған жағдайларда;

Клиент Банк талап еткен құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған жағдайда;

карточканың жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда;

карточка Банк қызметкерлеріне арналған банк өнімдерінің ерекше шарттары бойынша берілген жағдайда, Банк қызметкерімен еңбек қарым-қатынастары тоқтатылған жағдайда;

Банктің қалауы бойынша немесе ҚР заңнамасында қарастырылған басқа кез-келген жағдайларда;

15) Банкке Клиенттің пайдасына түсетін кез келген сомадан кредит шарты бойынша берешекті өтеуді жүргізуге;

16) кредит шартына (жеке талаптарға), сондай-ақ анықтамаларға, хаттарға және басқа да құжаттарға Банктің уәкілетті тұлғасы қолтаңбасының факсимильді нұсқасын көшіруді және Банк мөрінің графикалық бейнесін пайдалана отырып, сондай-ақ ҚР заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен қол қоюға құқылы;

6-бап 17) және 18) тармақшалармен осы № 8 Шартқа өзгерістер мен толықтырулардың редакциясында толықтырылды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)

17) Банк Клиентке Қазақстан Республикасының басқа екінші деңгейдегі банктерінде қолданыстағы кредитін (-терін) қайта қаржыландыру үшін берілген кредит сомасын мақсатсыз пайдалану фактісін анықтаған кезде, Клиенттен кредит сомасының қайта қаржыландыруға жіберілуін растайтын жазбаша дәлелдемелерді талап етуге құқылы. Клиент мұндай дәлелдемелерді Банк талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей береді;

18) Клиентке қолданыстағы кредитін (-терін) Қазақстан Республикасының басқа екінші деңгейдегі банктерінде қайта қаржыландыру үшін берілген кредит сомасын мақсатсыз пайдаланған жағдайда, клиенттен есептелген сыйақыны төлей отырып және/немесе кредит сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлей отырып, кредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету. Банк мұндай талапты 1-тараудың

6-бабының 2-тармағының 13) тармақшасында көзделген тәртіппен Клиентке жібереді.

3. Клиент:

1) кредиттер бойынша берешек болған жағдайда, Банкке дереу жазбаша нысанда ҚР аумағындағы және ҚР аумағынан тыс жердегі (банктің атауы мен шот нөмірін хабарлай отырып) банктерде (банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) жаңа банктік шоттарды ашу туралы, сонымен бірге өзінің кредит шарты бойынша міндеттемелерін тиісті деңгейде орындауына әсер ететін барлық жағдайларды, оның ішінде Клиенттің мүлкіне тыйым салынғаны, сонымен бірге үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар және/немесе талап арыздарды алғаны туралы хабарлауға;

2) кредитті кредит шартының талаптарына сәйкес уақытында өтеуге;

3) Кредит шартының Жалпы ережелерінің осы бабы 4-тармағы б) және 7) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда, Клиент кредит шартының талаптарына өзгерістерді енгізу туралы жазбаша өтінішінде кредит шарты бойынша міндеттемелерін орындау мерзімін бұзу себептерін, табысы мен кредит шарты талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне себепші болатын өзге расталған жағдайларды (фактілерді) ашуға, сонымен бірге білімі, табыс пен шығыс деңгейі, отбасы құрамы (мүшелері), тұрғылықты мекенжайы, мүліктің болуы, кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін Клиенттің жеке қаражатының жеткілікті болуын анықтауға және жазбаша өтінішті қарастыруға қажетті өзге мәліметтерді ұсынуға;

4) Карточка Банк қызметкерлері үшін банк өнімдерінің ерекше талаптары бойынша берілген жағдайда, Банкпен еңбек қарым-қатынастары тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде кредит шартын бұзуға, картадағы берешекті өтеуге және карточканы Банкке қайтаруға;

5) кредит шартын мерзімінен бұрын бұзған жағдайда, сонымен бірге Банктің талабы бойынша шығыралатын/қайта шығарылатын кредит карточкасының әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда, берешекті шарттың әрекет ету мерзімі және/немесе шығарылатын/қайта шығарылатын кредит карточкасының әрекет ету мерзімі тоқтағанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын өтеуге міндетті;

6-бап б) және 7) тармақшалармен осы № 8 Шартқа өзгерістер мен толықтырулардың редакциясында толықтырылды (09.09.2022 ж. № 33/2022 хаттама)

6) Банк Клиентке Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі басқа банктеріндегі қолданыстағы кредитін (-терін) қайта қаржыландыру үшін кредит берген жағдайда, сол кредит сомасын Банктен ақша алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қайта қаржыландыруға жіберу және Банктің сұрауы бойынша кредит сомасының мақсатты пайдаланылуын растайтын жазбаша дәлелдемелерді ұсыну;

7) Банктен кредитті мерзімінен бұрын өтеу және/немесе кредит сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеу туралы талапты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, тиісінше кредиттің барлық сомасын есептелген сыйақымен бірге қайтару және/немесе кредит сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеу.

4. Клиент:

1-тармақша өзгертіліп, осы шарттың №6 Өзгерістері мен толықтырулары редакциясында мазмұндалды (18.03.2022 ж. №8/2022 хаттама)

1) кредит шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуға алынған кредитті Банк кредитті ұсынған күннен бастап есептеген сыйақыны, егер клиент мұндай комиссияны шарт жасасу кезінде төлемесе және кредит сомасына кірмесе, Банктің тарифтеріне және (немесе) банк өнімдерінің шарттарына сәйкес қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссияны төлей отырып, 1-тараудың 3-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредитті қайтарғаны үшін тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеместен қайтаруға;

2) негізгі берешекті немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, сыйақыны немесе негізгі берешекті тұрақсыздық төлемін және айыппұл шараларының басқа түрлерін төлеместен банктік күннен кейінгі келесі күні өтеуге;

3) өтініш бойынша ақысыз үш банктік күн ішінде айына бір рет жазбаша нысанда кредит шарты бойынша қарызды өтеу есебіне түскен ақшаны (негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сонымен бірге мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс сомаға) бөлу туралы ақпаратты алуға;

4) кредит шарты бойынша ұсынылған ақшаны Банкке ішінара немесе мерзімінен бұрын толық қайтару туралы өтініш бойынша ақысыз үш банктік күн ішінде жазбаша нысанда негізгі қарызға, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық төлеміне және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сонымен бірге мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленуі тиіс сомаға бөлінген қайтарылуы тиіс мөлшері туралы мәліметтерді алуға;

5) бір жылға дейінгі мерзімге берілген өтеу кестесі бар кредитті алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, ал 1 (бір) жылдан артық мерзімге берілген өтеу кестесі бар кредитті алған күннен

бастап бір жылдан кейін өтеу кестесі бар кредитті тұрақсыздық айыппұлдары мен басқа да айыппұл санкцияларын төлеместен, ішінара немесе толықтай мерзімінен бұрын өтеуге;

6) коллекторлық агенттікпен бірінші байланысты орнатқан сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде коллекторлық агенттікке шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге;

7) міндеттемелерді орындау мерзімін бұзған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банкке келуге және кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін бұзу себептері, табысы және төменде көрсетілген әрекеттермен байланысты кредит шартының талаптарына өзгерістерді енгізу туралы өтінішіндегі жағдайларды (фактілерді) растайтын мәліметтерден тұратын жазбаша өтінішті ұсынуға құқылы:

кредит шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту;

негізгі қарыз және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде алдымен негізгі қарызды өтеу бөлігінде өзгерту;

кредит шартының әрекет ету мерзімін өзгерту;

8) мерзімі өткен негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны кешіру, тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімпұлды) жою;

9) кредит шартының (жеке талаптардың) талаптарын және кредит карточкасы немесе Банк кредит шартының жалпы талаптарымен көзделген кредиттік лимитті белгілеген өзге карточка бойынша берешекті жеңілдікті өтеу талаптарын ескере отырып, кредит шартына сәйкес Банкке сыйақы және өзге төлемдерді төлей отырып, кредит карточкасы немесе өзге карточка бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуге;

10) Банк бекіткен нысанға сәйкес минималды төлемдермен өтелетін (болған жағдайда) берешекті өтеген жағдайда, болжалды өтеу күнінен 3 (үш) жұмыс күні бұрын берілген Банк бекіткен нысанға сәйкес жазбаша өтініштің негізінде операция бойынша шарттар белгіленген кредит бойынша берешекті мерзімінен бұрын кез келген сәтте толық өтеуге; Міндетті төлемдермен өтелетін операция бойынша берешекті ішінара өтеуге рұқсат етілмейді;

11) кредит шартының талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде кредит шартында көзделген тәртіппен Банк ұсынған жақсартушы талаптардан бас тартуға;

12) жазбаша өтініш бойынша кез келген сәтте Банк операция бойынша белгілеген шарттардан бас тартуға және мұндай операция бойынша берешекті кредит шартының талаптарына сәйкес минималды төлемдермен мұндай шартта қарастырылған комиссияларды және кредит шартында белгіленген мөлшерлеме бойынша сыйақыны төлеу арқылы өтеуге құқылы.

2-тарау. Қорытынды ережелер

1-бап. Кредит шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1. Шарт талаптарын біржақты тәртіпте өзгертуге тек шартта және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

2. Банк кредит шартының талаптарын Клиент үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы. Клиент үшін кредит шарты талаптарының жақсаруы деп келесі жағдайлар түсініледі:

1) кредит бойынша қызмет көрсетумен байланысты қызметтерді көрсеткені үшін комиссияларды және өзге төлемдерді азайту немесе толық жою жағына қарай өзгерту;

2) тұрақсыздық төлемін (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толық жою;

3) кредит шарты бойынша сыйақыны төмендету;

4) кредит шарты бойынша төлемдерді кейінге қалдыру және (немесе) бөліп төлеу;

5) кредиттік лимитті ұлғайту/өзгерту;

6) жаңа кредиттік лимит ұсыну;

7) кредит карточкасы бойынша операция бойынша шарттарды орнату/өзгерту;

8) берешекті өтеу тәртібін Клиент үшін жақсарту жағына өзгерту;

9) жеңілдікті кезеңді ұсыну/ұзарту;

10) өтеу кезеңін ұзарту;

11) кредиттік лимиттің шекті сомасын ұлғайту;

12) минималды төлемді және/немесе міндетті төлемді азайту;

13) кредитті жеңілдікті өтеудің ерекше шарттарын орнату;

14) операциялар бойынша ұқсас шарттарды операция бойынша бір шартқа біріктіру;

15) кредит шартында және/немесе ҚР заңнамасында қарастырылған өзге шарттар.

3. Егер шартта өзге қарастырылмаса, Банк Клиент үшін жақсарту шарттарын қолданған жағдайда, Банк Клиентке Банктің қалауы бойынша жазбаша нысанда Клиент ұсынған немесе мекенжайына/телефон нөміріне/электрондық поштасына SMS арқылы хабарламаны жолдайды

және/немесе жеке кабинетте және/немесе веб-сайтта жарияланады және/немесе Клиентке Банктің ғимаратында жеке тапсырады.

4. Егер кредит шартында өзге көзделмесе, Клиентке Банк тарапынан Банк жақсарту шарттарын Клиентке хабарламаны жіберген немесе хабарламаны жеке кабинетке жариялаған немесе қай күн бірінші келуіне байланысты Банк ғимаратында жеке ұсынған күні қолданғандығы туралы тиісті түрде хабарланды деп саналады. Кредит шартында (жеке талаптарда) өзге көзделмесе, Клиент күнтізбелік он төрт күн ішінде хабарламаны алған күннен бастап жақсарту шарттарынан Банкке жазбаша түрде хабарламаны жіберу арқылы бас тартуға құқылы.

5. Кредит шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар жоғарыда осы баптың 2-тармағында көрсетілген ережелерді ескере отырып, тараптардың келісімі бойынша оған қосымша келісім жасасу жолымен жүзеге асырылады.

2-бап. Тараптардың жауапкершілігі. Жауапкершілікті алып тастау

1. Өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамағаны үшін әр тарап екінші тараптың алдында ҚР заңнамасына және кредит шартына сәйкес жауапты болып табылады.

2. Тараптар кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау жағдайлары үшін, егер мұндай жағдайлар еңсерілмес күш жағдайларының, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдар, ҚР Ұлттық Банкі шектеулі тыйым салу сипатындағы актілер/шаралар қабылдау, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының ажыратылуы, байланыс желілерінің зақымдануы және тараптардың еркіне байланысты емес және кредит шартының нысанына тікелей қатысы бар өзге жағдайлар үшін жауапты болмайды.

3. Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Банктің қасақана немесе өрескелдігінің заңсыз әрекеттері/әрекетсіздігі салдарынан Клиентте пайда болған құжат түрінде расталған нақты шығынмен шектеледі. Банк Клиент алдында жоғалған пайда үшін ешқашан жауапты болмайды.

4. Банк кредит шартында бекітілген тәртіпте міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті деңгейде орындалмағаны үшін жауапты болады;

5. Банк:

1) Банк кінәсінен болмаған міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісті деңгейде орындалмағаны;

2) Клиент сатып алған тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасы;

3) SMS, e-mail, факс, телефон және т.с.с. ашық байланыс арналары арқылы Клиентке жіберілетін мәліметтердің құпиялылығына, егер Клиент көрсетілген байланыс арналары арқылы сұрау салса немесе көрсетілген байланыс арналары арқылы мәліметтерді жіберу туралы нұсқау берсе;

4) Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату, шот бойынша ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сонымен бірге ҚР заңнамасына сәйкес акцептісіз шоттан ақшаны есептен шығаруға құқылы үшінші тұлғалардың нұсқаулықтары түскен кезде кредит шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін жауапты болмайды.

6. Клиент:

1) Банспен жасалынған кредит шарттарында қарастырылған өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін;

2) Клиенттің кінәсінен Банкке келтірілген шығындарды және сот шығындарын толық көлемде өтеуге;

3) Банктің сұрауы бойынша күмәнді деректер бергені үшін жауапты болады;

7. Берешекті уақытында өтемеген жағдайда, Банк:

1) Клиенттен заңды тұрақсыздық төлемін өндіріп алуға;

2) берешек сомасын ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, Клиенттің барлық банктік шоттарынан берешек сомасын өндіріп алуға;

3) Банктің қалауы бойынша берешек сомасын Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сот арқылы сот тәртібінде өндіріп алуға;

7-тармақ осы Шартқа № 5 өзгерістер мен толықтырулардың редакциясында 3-1) тармақшамен толықтырылды (28.02.2022 ж. № 5/2022).

3-1) берешекті Клиенттің тіркелген жері не тұрғылықты жері бойынша, не Клиенттің тұрғылықты жеріне немесе тіркелген жеріне қарамастан, ҚР кез келген нотариусының орналасқан мекенжайы бойынша Нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Банктің қалауы бойынша өндіріп алуға;

4) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және коллекторлық агенттіктерге реттеуге және/немесе берешек сомасын өндіріп алуды үшінші тұлғаларға коллекторлық агенттіктерге және үшінші тұлғаларға Банктің тапсырмасын орындауға қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсына отырып табыстауға, кредит карточкасын бұғаттауға және/немесе қол жетімді кредиттік лимит сомасын Клиентке хабарлама жіберместен кредит карточкасы бойынша кредитті ұсынуды тоқтату немесе жою арқылы азайтуға, жоюға;

сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес барлық өзге әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

3-бап. Дауларды реттеу

Банк пен Клиент арасында туындаған барлық жанжалдар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы сұрақтарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, Банктің қалауы бойынша оның немесе филиалының орналасқан мекенжайына байланысты ҚР заңнамасына сәйкес сотқа беріледі.

4-бап. Кредит шартының әрекеті, өзге ережелер

1. Кредит шартының жеке ережелерінің жарамсыздығы кредит шартының қалған ережелерінің жарамсыздығына алып келмейді.

2. Тараптар кредит шартының тілі ретінде қазақ және орыс тілдерін таңдады. Тараптар кредит шарты тілдерін толық түсінетіндігін, шарттың, сондай-ақ оның жеке бөлімдерінің мәні мен мазмұнын толық түсінетіндігін мәлімдейді. Шарттың мәтіні бойынша айырмашылықтар (қайшылықтар) болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін қолданылады.

Банк деректемелері:

«Home Credit Bank» АҚ

Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 248

БСН 930540000147

www.homecredit.kz, client@homecredit.kz

Тел.: +7 (727) 244 54 77

Банктің кредит карточкасы бар Клиенттер Банктің веб-сайты арқылы тауарларды сатып алу кезінде кредиттік лимитті пайдалану ерекшеліктері

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

- 1) **онлайн-өтінім** – Клиент серіктестің сайтында ресімдеген Банк пен Клиент арасында бұған дейін жасалынған кредит шарты мен БҚШ-ның негізінде ұсынылған кредиттік лимит шеңберіндегі кредит алуға өтінім;
- 2) **онлайн-нысан** – SMS тексеруден өткеннен кейін Клиенттің дербес деректерін толтыруға арналған өтініштің нысаны;
- 3) **өнім ұсынысы** – серіктес желісінде ресімдеуге қол жетімді Банк өнімдеріне байланысты Банк автоматты түрде түрлендіретін кредит бойынша ұсыныс.

Осы Қосымшада серіктестің сайтында Клиент тарапынан онлайн-өтінім беру тәртібі, Банк тарапынан Клиентке берілген өтінімдерге қатысты қабылданған кредит шешімдері туралы хабарлау тәртібі, Банктің веб-сайты арқылы тауарларды сатып алу кезінде кредиттік лимитті пайдалану тәртібі анықталады.

2-бап. Онлайн-өтінімді ресімдеу, кредиттік шешім

1. Клиент серіктестің сайтына кірген кезде қажетті Тауарды таңдап, тапсырысты ресімдейді. Клиент «Кредитке ресімдеу» батырмасын пайдалана отырып, банктер тізімінен Банкті таңдайды.
2. Серіктес сайтында сұралынған барлық қажетті деректерді толтыра отырып, сонымен бірге «Калькуляторда» (егер қарастырылса) кредит мерзімін таңдау арқылы ай сайынғы төлем сомасын есептегеннен кейін Клиент «Тапсырысты ресімдеу» батырмасын басады.
3. Клиент бұған дейін серіктестің сайтында толтырылған деректермен бірге Банктің веб-сайтына аударылады. Кредиттік лимит шеңберінде кредит алу ниетін растау үшін Клиент ашылған онлайн-нысандағы өз деректерін және ұялы телефон нөмірін тексереді. Клиент БҚШ-да көрсетілген Банкке дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімін ұсыну талаптарымен және тиісті сілтеме бойынша өту арқылы оның басқа шарттарымен танысуы қажет. Банкке дербес деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға өз келісімін берген және БҚШ шарттарын қабылдаған жағдайда, Клиент тиісті терезеге белгіні қойып, «SMS-кодты алу» батырмасын басады (ескерту - мұндай батырма БҚШ талаптарымен келіскеннен және қабылдағаннан кейін ғана қол жетімді болады).
4. Егер Клиентте Банктің әрекет ететін кредит карточкасы болса және Клиент онлайн-өтінімге енгізген ұялы телефон нөмірі Банкке бұрын ұсынылған ұялы телефон нөмірімен сәйкес келсе, SMS-кодты енгізуге арналған терезе ашылады.
5. Банктен SMS-коды бар SMS-хабарламаны алғаннан кейін Клиент оны енгізуге арналған тиісті терезеге енгізіп, «Жалғастыру» батырмасын басады.
6. Клиентке өнімдер ұсынысы бар терезе ашылады. Клиентке кредиттік лимиттің қолжетімді сомасы мен оның шотындағы қолжетімді сома туралы ақпарат ашылады. Клиент кредит сомасын, кредит мерзімін салыстырады немесе кредиттің басқа мерзімін таңдайды. Таңдалынған кредит сомасы мен мерзіміне байланысты ай сайынғы төлем есептелінеді (ескерту - есептеу күнтізбелік бір күн ішінде әрекет етеді). Клиентке ай сайынғы төлемнен басқа сыйақының номиналды және жылдық тиімді мөлшерлемелері бойынша ақпарат қолжетімді болады. Осылайша, операция бойынша шарттар қалыптастырылады, оларға сәйкес онлайн-өтінім мақұлданған жағдайда Клиент қарызды өтейтін болады. Барлық өрістерді тексергеннен кейін Клиент ресімдеуді растайды және «Ресімдеу» батырмасын басады.
7. Бұдан әрі Клиент тексеруі тиіс оның дербес деректері көрсетіледі. Олар сәйкес келмеген жағдайда, Клиент оларды өзгерту үшін Банк бөлімшесіне жүгінуі қажет. Егер барлық деректер дұрыс болса, Клиент «Жалғастыру» батырмасын басады.
8. Егер Клиенттің кредит карточкасы бұғатталатын болса, онда тиісті ақпарат көрсетілген және Банктің байланыс орталығының телефон нөмірі бар терезе пайда болады. Клиент «Жабу» батырмасына басқанда, Онлайн-өтінімді ресімдеу процесі тоқтатылады.
9. Егер Клиенттің кредиттік лимит мөлшері тауарды сатып алуға жеткіліксіз болса, Банк кредиттік лимитті ұлғайтуға өтінімді (пайда болған терезеде) ресімдеуге құқылы.
10. Егер Клиент кредиттік лимитті ұлғайтқысы келмесе, ол «Жоқ» батырмасын таңдайды, Онлайн-өтінімді ресімдеу үрдісі тоқтайды.

11. Егер Клиент келіссе, «Иә» батырмасын таңдайды. Одан кейін Клиент Онлайн-өтінімнің қабылданғандығы туралы ақпараттық хабарламаны алады. Банк кредиттік лимитті ұлғайтуды БҚШ талаптарына сәйкес жүргізеді.

12. Клиент онлайн-өтінімді қарастыру нәтижесін SMS-хабарлама арқылы алады.

13. Онлайн-өтінім мақұлданған жағдайда, серіктестен тауарды резервке қою туралы растау түскеннен кейін ақшалай сома Клиенттің карточкасындағы қолжетімді кредиттік лимит шеңберінде есептен шығарылады да, серіктеске тауарды төлеу есебіне түседі. Серіктестің қызметкері Клиентке тауарды беру үшін оның тауарды алудың ыңғайлы әдісіне (өзі алып кетеді/курьер арқылы) байланысты хабарласады.

14. Теріс жауап болған жағдайда, онлайн-өтінімді ресімдеу үрдісі тоқтатылады.

15. Клиент операция бойынша шарттарды Интернет-банкингтегі жеке кабинетінен көре алады. Банк қол қойған операция бойынша шарттар Клиенттің Банк жүйесінде көрсетілген нақты мекенжайына пошта арқылы жіберіледі.

16. Клиент онлайн-өтінімді мақұлдаған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банкке тиісті өтінішті беру арқылы операция бойынша шарттардан бас тартуға құқылы;

17. Берешекті өтеу кредит шартының талаптарына, БҚШ мен операция бойынша шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Home Credit Bank» АҚ
Кредит шартының жалпы талаптарына
2-қосымша

Кредиттік лимит шеңберінде Банктің байланыс орталығы, сондай-ақ Банктің мобильді қосымшасы арқылы кредит алу ерекшеліктері

Осы қосымша арқылы кредиттік лимит шеңберінде банктің байланыс орталығы, сондай-ақ банктің мобильді қосымшасы арқылы кредит алу тәртібі айқындалады.

**1-бап. Кредиттік лимит шеңберінде
Банктің байланыс орталығы арқылы кредит алу тәртібі**

1. Банк Клиенттің телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы банктік өнімнің тиісті талаптары шеңберінде Банкте ашылған дебет карточкасына немесе ағымдағы шотына есептелетін кредит карточкасы бойынша кредиттік лимит шеңберінде кредит алуды ұсынуға құқылы. Бұл ретте Банк қызметкері Клиентті сәйкестендіргеннен кейін оған берілетін кредит бойынша маңызды талаптарды, оның ішінде ҚР заңнамасының және шарттың талаптарына сәйкес жақсартатын талаптарды (кредиттің минималды сомасын; сыйақы мөлшерлемесін; міндетті төлем сомасын; операция бойынша талаптар қалыптастырылатын мерзім мен өзге де қажетті талаптарды) ауызша айтады.

Ағымдағы шотқа не дебет карточкасына есептелетін ақша сомасы банктік өнімнің тиісті талаптарында Банк минималды деп белгілеген кредиттің минималды сомасынан кем емес мөлшердегі кредит сомасын, сондай-ақ кредит карточкасы бойынша ағымдағы шоттағы Клиенттің меншікті қаражатының сомасын (бар болса) қамтуға тиіс.

Клиент толық талаптармен веб-сайтта, Банктің мобильді қосымшасында немесе Банк бөлімшелерінде таныса алады.

2. Белгіленген талаптарда кредит алуға ниет білдірген Клиент өзінің ниетін ауызша растайды, қолжетімді кредиттік лимит шегіндегі кредит сомасын атайды және Банк қызметкеріне ақша қаражатын аудару үшін өзінің ағымдағы шотының нөмірін немесе Банкте ашылған дебет карточкасының соңғы 4 санын айтады. Клиенттің ауызша растауы кредит сомасын клиент көрсеткен ағымдағы шотқа не дебет карточкасына аудару үшін тиісті негіз болып саналады.

3. Банк Клиенттің ағымдағы шотына не дебет карточкасына ол көрсеткен кредит сомасын, бірақ кредиттің минималды сомасынан кем емес соманы, сондай-ақ кредит карточкасы бойынша ағымдағы шоттағы меншікті қаражат сомасын (бар болса) бір жұмыс күні ішінде аударады және операция бойынша талаптарды қалыптастырады. Банк Клиентке Шарттың талаптарына сәйкес операция бойынша белгіленген талаптар туралы хабарлайды. Операция бойынша белгіленген талаптар Клиентке мобильді қосымшада қолжетімді болады.

Клиент шартта айқындалған талаптарда операция бойынша Банк белгілеген талаптардан бас тартуға құқылы.

4. Клиент шартта айқындалған талаптарда операция бойынша Банк белгілеген талаптардан бас тартуға құқылы.

**2-бап. Кредиттік лимит шеңберінде
Банктің мобильді қосымшасы арқылы кредит алу тәртібі**

1. Клиент банктік өнімнің тиісті талаптары шеңберінде және мобильді қосымшада тиісті ұсыныс болған жағдайда Банктің мобильді қосымшасы арқылы Банкте ашылған дебет карточкасына немесе ағымдағы шотына есептелетін кредит карточкасы бойынша кредиттік лимит шеңберінде кредит алуға құқылы.

2. Мобильді қосымшада авторизациядан өткен Клиент кредит алу үшін Банк белгілеген кредит талаптарымен, оның ішінде ҚР заңнамасының және шарттың талаптарына сәйкес жақсартатын талаптармен (кредиттің минималды сомасымен; сыйақы мөлшерлемесімен; міндетті төлем сомасымен; операция бойынша талаптар қалыптастырылатын мерзім мен өзге де қажетті талаптармен) танысады.

3. Мобильді қосымшаның экранында Клиент аударылатын соманы көрсетеді, бұл ретте бұл сома банктік өнімнің тиісті талаптарында Банк минималды деп белгілеген кредиттің минималды сомасынан кем емес мөлшердегі кредит сомасын, сондай-ақ кредит карточкасы бойынша ағымдағы шоттағы

Клиенттің меншікті қаражатының сомасын (бар болса) қамтуға тиіс. Клиент ақша қаражатын аудару үшін өзінің ағымдағы шотының нөмірін немесе Банкте ашылған дебет карточкасының соңғы 4 санын таңдайды.

4. Банк Клиенттің белгіленген талаптарда кредит алу ниетін бірыңғай растау мақсатында Клиентке бір реттік код жібереді.

5. Клиент бір реттік кодты енгізгеннен кейін Банк Клиенттің ағымдағы шотына не дебет карточкасына ол көрсеткен кредит сомасын, бірақ кредиттің минималды сомасынан кем емес соманы, сондай-ақ кредит карточкасы бойынша ағымдағы шоттағы меншікті қаражат сомасын (бар болса) бір жұмыс күні ішінде аударды және операция бойынша талаптарды қалыптастырады. Банк Клиентке Шарттың талаптарына сәйкес операция бойынша белгіленген талаптар туралы хабарлайды. Операция бойынша белгіленген талаптар Клиентке мобильді қосымшада қолжетімді болады.

6. Клиент шартта айқындалған талаптарда операция бойынша Банк белгілеген талаптардан бас тартуға құқылы.



Утверждены
Решением Совета Директоров
АО «Home Credit Bank»
Протокол № 7/2020
от 19.03.2020 г.

**ОБЩИЕ УСЛОВИЯ КРЕДИТНОГО ДОГОВОРА
АО «HOME CREDIT BANK»**

г. Алматы

ОГЛАВЛЕНИЕ

Глава 1. Общие условия кредитного договора

Статья 1. Термины и определения

Статья 2. Основные положения

Статья 3. Предоставление и погашение кредита

Статья 4. Предоставление кредитного лимита

Статья 5. Ограничения для Банка

Статья 6. Права и обязанности сторон

Глава 2. Заключительные положения

Статья 1. Порядок внесения изменений и дополнений в договор

Статья 2. Ответственность сторон. Исключение ответственности

Статья 3. Урегулирование споров

Статья 4. Действие договора, иные положения

Глава 1. Общие условия кредитного договора

Статья 1. Термины и определения

Подпункт 1) изложен в редакции Изменений и дополнений № 7 к настоящему договору (Протокол № 31/2022 от 19.08.2022 г.)

1) **Банк** – Акционерное общество «Home Credit Bank» (сокращенное наименование – АО «Home Credit Bank»);

Статья 1 дополнена подпунктом 1-1) в редакции Изменений и дополнений № 1 к настоящему договору (Протокол № 31/2020 от 17.09.2020 г.)

1-1) **аннуитетный метод (равные платежи)** – погашение задолженности по кредиту осуществляется равными платежами на протяжении всего срока кредита, включающими увеличивающиеся платежи по основному долгу и уменьшающиеся платежи по вознаграждению, начисленному за период на остаток основного долга. Размеры первого и последнего платежей могут отличаться от других;

2) **банковский день** – день, в который банки РК открыты для проведения операций;

3) **банковский заем** – предоставленный Банком кредит в денежной форме на условиях платности, срочности и возвратности на основании лицензии уполномоченного органа РК;

4) **веб-сайт** – веб-сайты Банка в сети интернет по адресам www.homecredit.kz и/или <https://ibank24.kz>;

5) **годовая эффективная ставка вознаграждения (ГЭСВ)** – ставка вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по кредиту, рассчитываемая в соответствии с законодательством РК;

6) **дата совершения операции** – дата, в которую совершенная операция отражается на счете Клиента;

7) **доступный остаток кредитного лимита** – размер неиспользованной Клиентом части кредитного лимита;

Статья 1 дополнена подпунктом 7-1) в редакции Изменений и дополнений № 1 к настоящему договору (Протокол № 31/2020 от 17.09.2020 г.)

7-1) **дифференцированный метод (неравные платежи)** – погашение задолженности по кредиту осуществляется уменьшающимися платежами, включающими равные суммы платежей по основному долгу и начисленное за период на остаток основного долга вознаграждение;

8) **Общие условия кредитного договора** – настоящие общие условия кредитного договора, размещаемые Банком в открытом доступе на веб-сайте www.homecredit.kz;

9) **ДБО** – договор банковского обслуживания физических лиц в Банке;

10) **ежемесячный платеж** – обязательный платеж, минимальный платеж;

11) **задолженность** – неисполненные денежные обязательства Клиента по кредитному договору;

Подпункт 12) изложен в редакции Изменений и дополнений № 4 к настоящему договору (Протокол № 19/2021 от 30.09.2021 г.)

12) **идентификация Клиента** – идентификация Клиента – процедура установление /подтверждение личности Клиента на основании сведений, предоставляемых Клиентом или получаемых из иных достоверных источников;

13) **индивидуальный идентификационный номер (ИИН)** – уникальный номер, формируемый уполномоченным государственным органом РК для физического лица и указываемый в документе, удостоверяющем личность Клиента или ином документе, выданном уполномоченным государственным органом;

14) **Клиент** – физическое лицо, заключившее кредитный договор;

Подпункт 15) изложен в редакции Изменений и дополнений № 3 к настоящему договору (Протокол № 15/2021 от 30.07.2021 г.)

15) **кредит (займ)** – сумма денег, предоставленная Банком Клиенту в соответствии с кредитным договором. Сумма кредита (кредитного лимита) не превышает предельной суммы, установленной правилами Банка об общих условиях проведения операций;

